

● БӘРЕКЕЛДІ!

## Жыр бәйгесінде дара келді

Ерқанат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Kazakistan»

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Elorda Aqparat» ЖШС ұйымдастырған «Тәуелсіздік және елорда» атты жазба ақындардың республикалық жыр мүшәйрасы өз мәресіне жетіп, әріптесіміз, белгілі ақын Ілияс Мұқай жүлделі I орынмен марапатталды.



Жыр сайысының мақсаты – тәу етер тәуелсіздігімізді, егемендік бойтұмары – Астананы жырға қосу. Мұнымен бірге, желтоқсан айында тәуелсіздік бастауы – Алаш автономиясының құрылғанына 105 жыл толып отыр. Ұйымдастырушылар осы мүшәйра арқылы Алаш қайраткерлерінің еңбегін және Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың ерлігін еске алып, тәуелсіздікке тағзым етуді көздеді.

Жыр додасы қараша айының басында жарияланып, өлеңдер бір айдан астам уақыт бойы қабылданды. Елімізге белгілі жазушылар мен ақындардан құралған қазылар алқасы келіп түскен туындыларды сараптап салып, шешімін шығарды. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан ақындар мүшәйраның қорытынды кешінде марапатталды. Әдеби-сазды кеш форматында өткен жүлделерді тапсыру салтанатына Парламент депутаттары, қоғам қайраткерлері, астаналық зиялылар, өлеңсүйер қауым қатысты.

103-ке жуық ақын қатысқан жыр додасының шарты бойынша топ жарған төрт ақынға жүлде берілді. Олар:

- I орын – Ілияс Мұқай (Қарағанды);
- II орын – Аршын Нұрбақыт (Алматы);
- III орын – Қарлығаш Қашқынбай (Павлодар), Айдын Байыс (Астана).

Жыр бәйгесінен үздік келген әріптесімізді еңшілеген жүлдесімен құттықтай отырып, қаламына қуат тілейміз!

● ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА

## Сенімді ақтау – қастерлі парыз



Еліміздің биылғы 11 айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы Үкіметтің есебін қыжылыспен тыңдаған Президент осылай деді.

Энергетикалық қауіпсіздік, коммуналдық сала ахуалы, өндіріс ошақтарындағы еңбек жағдайы, инфляцияға «жұтылған» табыс, азық-түлік бағасы, агроөнеркәсіп кешенін дамыту – қазір қоғамда өткір тұрған тақырыптар. Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында өзге де мәселелер жан-жақты қаралды. Үкімет 11 айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері туралы есеп беріп, келесі жылға арналған жұмыс жоспарын таныстырды.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,  
«Ortalyq Kazakistan»

### Азық-түлік қауіпсіздігі алаңдатады

Қоғамды алаңдатқан басты мәселенің бірі – инфляция. Президент инфляция деңгейінің шарықтап кеткенін айтты.

«11 айда экономиканың өсімі 4,6 пайыздан 2,7 пайызға дейін төмендеді. Инфляция соңғы 14 жылда болмаған

деңгейге жетті. Қазір бұл көрсеткіш – 19,6 пайыз. Мұндай ахуал жұрттың табысына және әл-ауқатына кері әсерін тигізіп отыр», – деді Мемлекет басшысы.

Азық-түлік инфляциясы 24 пайыздан асты. Алайда, ел тұрғындарының қаржылай табысының өсу қарқыны соңғы бес жылдағы ең төмен деңгейде қалды.

«Негізгі тағам өнімдерінің қымбаттауы инфляцияның өсуіне себеп болып жатыр. Азық-түлік инфляциясы 24 пай-

ыздан асты. Тұрғындардың ақшалай табысының өсу қарқыны соңғы 5 жылдағы ең төмен деңгейде тұр. Елімізде қағаз жүзінде жұмыс істейтін, уақытша жұмыс істемейтін, өзін-өзі нәтижесіз жұмыспен қамтыған және жұмыссыз деп көрсетілген 900 мыңға жуық адам бар. Негізгі құжат – Халықтың табысын арттыру бағдарламасы. Оны қазіргі жағдайларға сәйкестендіру керек», – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі іс-шараларға баса мән берді.

«Бүгінгі таңда азық-түлік қауіпсіздігі елді өркендетудің басты шарты екенін түсіну қажет. Агроөнеркәсіп кешенін, әсіресе ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуді дамыту Үкімет пен әкімдер үшін басты басымдық болуға тиіс», – деді Президент.

«Азық-түлік қауіпсіздігі бүкіл әлем бойынша басты мәселеге айналды. Биыл біздің елде астық мол шықты.

Бірақ егіннің орташа шығымы әлі де төмен. Бұл салада заманауи технологияны қолдану өте маңызды. Шаруаларды осыған ынталандыру керек» деген Мемлекет басшысы жыл сайын агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 350 млрд. теңгеден астам субсидия бөлініп отырғанына қарамастан, өңдеу саласы дамымай отырғанын атап өтті.

«Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың ұлттық жобасындағы жоспарлар орындалмай жатыр. Мысалы, ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуге қатысты 65 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Іс жүзінде оның 31-і ғана іске қосылды. Сол сияқты 7 құс фабрикасының орнына 3 фабрика салынды. Балық өндіретін 11 жобаның жетеуі ғана пайдалануға берілді.

Біз елімізді негізгі азық-түлікпен толық қамтамасыз етуіміз керек. Сондықтан, Үкімет жоспарланған барлық жобаларды жүзеге асыруға міндетті», – деді.

➔ 2-бетте

● СҮЙІНШІ!

## Қуан, Қарағанды: Алан балаң әлем чемпионы!

Қайрат ӘБІЛДА

Тунисте үстел теннисінен жасөспірімдер арасында өткен әлем чемпионатында Қарағанды теннис мектебінің өкілі Алан Құрманғалиев біздің еліміз үшін бұрын-соңды болып көрмеген толайым табысқа қол жеткізді. Талантты спортшы Египет елінің теннисші қызы Хана Годмен бірге аралас жұптық сында өнер көрсетіп, турнирдің алтын жүлдесін жеңіп алды.



Суретте: әлем чемпиондары Хана Года мен Алан Құрманғалиев

➔ 4-бетте

● АҢДАТПА

КЕНШІЛЕР МӘДЕНИЕТ САРАЙЫ

19 ЖЕЛТОҚСАН  
16:00

ӘНШІ, КОМПОЗИТОР,  
КИНОДРАМАТУРГ, ӨНЕРТАНУШЫ  
ЕРЛАН ТӨЛЕУТАЙДЫҢ

“АТЫҢНАН АЙНАЛАЙЫН,  
ҚАРАҒАНДЫ!”

АТТЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІНЕ  
ШАҚЫРАМЫЗ

ӘН КЕШІ ЕЛІМІЗГЕ БЕЛГІЛІ  
ӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ӨТЕДІ  
КІРУ ТЕГІН





# Сенімді ақтау – қастерлі парыз

(Соңы. Басы 1-бетте)

## Коммуналдық салада күрмеулі мәселе көп

Президент қоғамда түйінді күрмеулі мәселе қордаланып калғанын, бұл түйіндерді кешіктірмей, созбакка салмай тарқату қажеттігін мәлімдеді.

«Жұртшылық Үкіметтің де, барлық деңгейдегі әкімдердің де жұмысына қатысты арызшағым айтуда. Халықтың сөзінің жаны бар. Өйткені, шын мәнінде, күн көру қиындап барады, баға шарықтап өсуде. Қаладағы және ауылдағы тұрғындардың өмірі үшін аса маңызды инфрақұрылымның тозығы жеткен, тіпті, мүшкіл халде десек те артық емес. Мұндай кезде қол қусырып, жайбарақат отыруға болмайды. Осындай жағдай бәрімізге қауіп төндіретіні анық. Оның үстіне, келесі жыл қазіргіден де күрделі, қиын болуы әбден мүмкін», – деді Мемлекет басшысы.


Екібастұздағы ЖЭО-дағы апат қоғамдық резонанс тудырғаны белгілі. Бұл апат еліміздегі коммуналдық желінің әбден шіріп, тозығы жеткенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Президенттің айтуынша, елдегі 19 жылу электр орталығы тозған. Жаңғыртуға 90 млрд. теңге қажет. Аталған сома энергетикалық кәсіпорындардың тарифтік сметасында ескерілуі тиіс.

Мемлекет басшысы жылу электр орталықтары үшін жауапкершілік әкімдіктер міндетіне жүктелетінін айтты. Мәселенің бәрін Үкіметке аударуды доғару керек. Сондай-ақ, Президент жылу электр орталықтарында апаттың жиілеп кетуіне байланысты әкімдер мен министрлерді сынға алды.

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы мәселелерді шешу қажет. Негізі, бұл – ауыл мен қаланың ауқымында шешіле беретін тұрмыстық мәселе. Бірақ, біз оны Үкіметтің деңгейінде қарауға мәжбүрміз. Өйткені, осы саладағы төтенше оқиғалар тым көп болып кетті. Петропавлда, Теміртауда, Степногорскіде, Балқашта, Қарағандыда, Ақтөбеде және Риддерде апаттар болды. Бірақ, соның ешқайсысынан әкімдер мен министрлер, ең бастысы, меншік иелері тиісті қорытынды жасаған жоқ. Ал, жақында Екібастұзда болған төтенше жағдай бұл саладағы ахуалдың қаншалықты күрделі екенін айқын көрсетті», – деді Мемлекет басшысы.

Президент апат кезінде төзімділік танытқан Екібастұз тұрғындарына алғыс білдірді. Және келтірілген шығынды нысан қожайыны мен мемлекет көтеретінін айтты.

## 2022 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-ҚАРАШАДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ



## 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

2022 ж. іске асыру қорытындысы



## Өндірісте өлім-жітім жиіледі

Президент өндіріс орындарындағы кісі өліміне қатысты алаңдаушылық білдірді. Биылғы жылдың 11 айында ел көлеміндегі өндіріс ошақтарында 157 адам мерт болған. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның кәсіпорындарындағы ахуал да сын көтермейді.

«Өндірістік жарақаттану шынайы проблемаға айналып отыр. Осы жылдың 11 айында өндірісте 1 124 жұмысшы зардап шегіп, оның 157-сі мерт болды. Жеке-леген кәсіпорындарда адам өлім-жітімі бар апаттар жүйелі сипатқа ие болып отыр. Сөз «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы жайында да болып отыр», – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің дерегіне сүйенсек, компанияда 2006 жылдан бері 20-дан астам апат болып, жүзден аса адам мерт болған.

«Осы жылдың өзінде ғана 14 адам, оның ішінде, өткен аптада ғана 1 адам қаза тапты. Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың есебіне сәйкес, компания еңбек, экология және салық заңнамаларын бұзып отыр, инвестициялық міндеттемелерін орындамайды. Қоғам әділетті және кідіріссіз іс-шараларды күтеді. Бақылау тікелей Премьер-Министрге тиесілі», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Үкімет үмітті ақтай ма?

Мемлекет басшысы Үкіметтің, жергілікті әкімдердің жұмысы-

на сын айтты. Инвестиция тарту бағдарындағы жұмыстың ақсағанынан ел экономикасы қыруар қаржыдан айырылғанын айтты.

«Менің тапсырмаммен инвестициялық жобалардың бірыңғай жүйесі әзірленді. Алайда, биыл жоспардағы 284 инвестициялық жобаның 43-і ғана жүзеге асырылған. Яғни, небәрі 15 пайызы іске қосылған. Мұның бәріне құр цифр ретінде қарауға болмайды. Өйткені, соның кесірінен көптеген жұмыс орны ашылмай қалды. Ел экономикасы миллиардтаған теңге қаржыдан қағылды. Сыртқы істер министрлігі шетелден инвестор тарту үшін тиімді жұмыс атқарып жатқанын атап өткен жөн. Елшілер шетелдерде түрлі кездесу өткізіп, елімізге инвесторларды жетелеп әкеледі деуге болады. Бірақ, жобаны жүзеге асыратын кезде жергілікті жерде түрлі мәселе туындайды. Бір сөзбен айтсақ, біз дайын инвесторлардан айырылып қалып жатырмыз. Тағы да қайталап айтамын, инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға жағдай жасау яғни, жер бөлу, рұқсатнама беру, инфрақұрылыммен қамту – әкімдердің міндеті. Өрине, орталыққа да өзгеріс жасау керек. Осыған қатысты бірқатар ұсыныс бар екенін білемін», – деді Президент. Сондай-ақ, шетелден әкелінген автокөліктерді заңдастыруда да Үкімет ақпараттық жұмысты дұрыс жүргізбегеніне тоқталды.

Президент министрліктер мен ұлттық компаниялар басшыларының жауапты сәттерде нақты шешім қабылдау жауапкершілігінен қашып, әрекетсіздік танытқанын сынап отырып, Үкімет жұмысына көңілі толмайтынын мәлімдеді.

«Үкіметтің негізгі міндеті – еліміздегі экономикалық мәселелерді шешумен айналысу. Бұл – Үкімет мүшелерінің, әкімдердің, ұлттық компания басшыларының тікелей жауапкершілігі. Сондықтан, мен Премьер-Министр Әлихан Асханұлы Смайыловтан шынайы жауап алғым келеді. Жалпы, Жаңа жылға Үкіметтің осы құрамымен аяқ басуға бола ма? Президенттің сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру Үкіметтің қолынан келе ме? Үкімет іштен және сырттан болатын барлық экономикалық қауіп-қатерлерге қарсы тұра ала ма? Мәңіше, бұл мәселелер Мемлекет басшысының Премьер-Министрмен және Парламент депутаттарымен өткізетін консультациялары кезінде мұқият талқылануы керек», – деді Президент.

## Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

Қарағанды облыстық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарды тіркеді. Қарағанды облысынан:

Мұрат Смағұлұлы Әбілов, 1959 жылы туған, қазақ, Қарағанды қаласында тұратын, Қарағанды облысының жеке сот орындаушылары палатасы басшысының орынбасары, өзін-өзі ұсыну тәртібімен.

Серік Балғатайұлы Өтешов, 1963 жылы туған, қазақ, Қарағанды қаласында тұратын, Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы, Нұра және Осакаров аудандарының мәслихаттары ұсынған.

Татьяна Николаевна Шатохина, 1970 жылы туған, орыс, Қарағанды қаласында тұратын, «Қарағанды облысының Кәсіподақ орталығы» Аумақтық кәсіподақтар бірлестігі төрағасының орынбасары, өзін-өзі ұсыну тәртібімен.

**К.К.НУРКЕНОВ,**  
сайлау комиссиясының төрағасы  
**Н.Г.БАТАЛОВА,**  
сайлау комиссиясының хатшысы

## • ДЕПУТАТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

# Қайтарылған жер кімге, қалай беріледі?

Облыстық мәслихат депутаты Ғабдолла Дүйсенбаевтың төрағалығымен АМАНАТ партиясының Қарағанды облыстық филиалында «Жер аманаты» өңірлік комиссиясымен партиялық бақылау комиссиясының бірлескен отырысы өтті. Отырыс барысында Мемлекет басшысының тапсырмасымен жайылымдық жерлерді қайтару жұмыстары қаралды.



Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Отырыс жұмысына облыстық бейінді басқармалардың, облыстық прокуратураның өкілдері, «Жер аманаты» комиссиясының мүшелері және партиялық бақылау комиссиясының мүшелері қатысты.

Бірлескен отырыста жерді қайтару кезіндегі заңсыз әрекеттерге қатысты мәселелер қаралды. Одан бөлек, комиссия мүшелері жерді заңсыз болған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін және болашақта осындай фактілерге жол бермеу жолдарын қарастырды. Партиялық бақылау комиссиясының басты назары – бұған дейін жерді заңсыз болған лауазымды тұлғаларды жауапқа тарту болды. Осындай әрекеттер салдарынан бөлінген жерлер мақсатсыз пайдаланылған. Одан бөлек, отырысқа қатысушылар жер алғысы келгенмен, жеткілікті ресурсы мен мал басы жоқ халық санатын тарту тетіктерін қарастыру керектігін де алға тартты.

– Біздің партиялық бақылау комиссиясы жергілікті жерлерде осы процесті тиімді, кешенді және сапалы бақылауды ұйымдастыруы қажет.

Сондай-ақ, отырыста біз облыстың әр ауылы бойынша жерді мемлекет меншігіне қайтаруға байланысты жүргізіліп жатқан істер, атап айтқанда, қанша жер қайтарылды, қайтарылған жерлер қанша мерзімге пайдалануға беріледі, қандай проблемалар бар, егер болса, қай жерлерде деген мәселелер қарастырылды, – деп атап өтті партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Ғабдолла Дүйсенбаев.

Айта кету керек, екі комиссияның міндеті – қайтарылған ауыл шаруашылығы жерлерінің халық арасында әділ бөлінуін бақылау.

Жалпы, ел бойынша барлығы 5 млн. гектардан астам жер қайтарылса, оның 3 млн. гектары «Жер аманаты» комиссиясының көмегімен қайтарылған. Комиссия жұмысы барысында халық тарапынан бірқатар шағымдар келіп түскен және бұрын жер учаскелерін мақсатсыз болған лауазымды тұлғалар тарапынан бірқатар заң бұзушылықтар анықталған.

## • ДЕПУТАТ ПІКІРІ

Биылғы жылды еліміз күрделі ахуалмен бастады. Әуелде бейбіт шерумен басталған оқиға қанды қырғынға ұласып кете барды. Кім кінәлі, мұның астарында не жатқанын білмей дал болған халықтың ойы да екіге бөлінді. Түрлі пікірлер айтылды. Оқиғаға қатысы барлар тұтқындалды. Қисынға салар болсақ, «кінәлі ме, жазасын алуы керек» деу де дұрыс шығар. Бірақ, алаңға шыққанның бәрі саналы түрде әрекет етті ме әлде дүрмек жетегінде кетті ме? Қандай қадамға барғанын сезді ме? Мәселе осында еді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қасіретті қаңтар» оқиғасына қатысып, істі болғандарға қатысты «Рақымшылық жасау» туралы заңға қол қойды. Бұл «Әділетті Қазақстан» жолындағы маңызды қадам болды.

Рақымшылық, әлбетте, Қаңтар оқиғасына арналған бір реттік акция. Қасым-Жомарт Кемелұлы кінәсін мойындағандарға рақымшылық жасау керектігін және олардың кінәлілік дәрежесі орташа ауырлықтағы санатқа жататынын атады.

Рақымшылық жасау еліміздің заңнамасы үшін таңсық емес. Статистикалық

# «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ»



деректер бұған дейін тәуелсіздік жылдарында мерейтойлық күндерге орай жеті рет

рақымшылық жасалғанын көрсетеді. Бірақ, бұл жолғы рақымшылықтың орны өзгерек,

сипаты басқа. Себебі, бұл заңның қабылдануының астарында адамгершілік қасиеттер жатыр.

Қаңтар оқиғасында 5 мыңға жуық қылмыстық іс қозғалды. Сотталғандардың дені халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтары екенін білеміз. Бірі – алаңға кездейсоқ тап болса, бірі – себеп-салдарын ойланбастан, дүрмекке ілесіп барды. Көбісі не болып жатқанын түсінген де жоқ. Олардың барлығы – қазақстандықтар, отандастарымыз. Бірі – отбасының жалғыз асыраушысы, бірі – студент, бірі – саясаттан хабары жоқ қарапайым халық. Осы жағдайда білмей істеген қатесі үшін қылмыскер ретінде жазалап, өміріне балта шапқан қаншалықты дұрыс?! Президент қол қойған заң елімізде ең алдымен адами капитал маңызды екенін көрсетті. Себебі, осы жолғы рақымшылықтың әлеуметтік маңызы бар.

Одан бөлек, рақымшылыққа іліккендердің отбасына қатысты да ешқандай заңды шектеу болмайтыны қуантады. Мәселен, рақымшылық жасалғаннан кейін оның балалары болашақта мемлекеттік немесе әскери

қызметке кіргенде еш кедергі болмайды. Қасым-Жомарт Кемелұлы осындай қадамға бара отырып, мемлекетіміздің болашағы үшін ойланған әрі сараланған дұрыс шешім қабылдады. Әлбетте, бұл шешімді халық та қуана қарсы алғаны анық. Бұл өз кезегінде мемлекетке, билікке деген сенімді қалыптастырып, халық үшін дұрыс әрі онтайлы шешім қабылдай алатынын көрсетті. Демек, заң аясында әрекет еткеннің жазалы болмайтынына, қиын жағдайда көмек қолын соза алатын басшысының, билігінің бар екеніне көзі жетті. Болар дүние болды. Оны тарихтан да, санадан да өшіріп тастай алмайтынымыз анық. Бірақ, талай олық дүниенің басы ашылып, кімнің кім екені танылды. Дәл осыдан кейін халықтың да көзі ашылып, көкірегі оянда деуге де әбден болады.

Қанша адам болса, сонша пікір болады. «Қай санатқа жататынына қарамастан, сотталғандардың барлығы жазасын алуы керек емес пе?» деген пікірлер болуы заңды. Бұл ретте қылмыскерлердің қауіпті бөлігі ретіндегі жаппай тәртіпсіздіктерді ұйымдастырушылар, билікті асыра пайдаланған және азаптаған адамдар, қайталап қылмыс жасағандар, террористер мен экстремистер рақымшылыққа жатпайтынға да ескеру керек. Олар заң бойынша тиісті жазасын алады әрі ол әділетті болмақ. Ал, өзгелері үшін бұл жағдай үлкен өмірлік сабақ болғаны анық.

**Мұрат ӘБІЛОВ,**  
облыстық мәслихат депутаты



● «АЛАШОРДА» АВТОНОМИЯСЫНА – 105 ЖЫЛ

# Әлихан жайлы әсерлі фильм

Жансая СӨРСЕНБАЙҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Жаңа Майқұдық» мәдениет үйінде «Алашорда» автономиясының құрылғанына 105 жыл толуына және автономияның тұңғыш төрағасы Әлихан Бөкейхан есімінің Октябрь ауданына берілгеніне бір жыл толуына орай «Әлихан – ұлт азаттық күрескері» атты танымдық деректі фильм көрсетілді. Фильм аяқталысымен Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов сөз сөйлеп, деректі фильмнің идея авторы һәм әлихантанушы Тұңғышбай Мұқанға алғыс айтып, келер жылы Майқұдықтағы Карл Марке көшесіне Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілетінін жеткізді.



Алаш ардақтылары Әлихан Бөкейхан, Әлихан Ермеков, Жақып Ақбаев сынды тау тұлғалардың өмір тарихына шолу жасаған дерекнамада Жайық Бектұров, Дәуітәлі Стамбеков сияқты тұлғатану ісіне зор үлес қосқан зерт-

теушілердің пікірлері камтылған. «Тағдыр тайталас» деп аталатын алғашқы бөлімі Жеңіс Қашқыновтың тұлғаларға арнаған жалынды жырмен басталады. Фильмді таспалау барысында Барлыбек Сыртановтың «Қазақ елінің ұстазы»

кітабынан мысалдар келтіріліп, Сержан Зекірұлының сценарийімен түсірілген Мұрат Бидосовтың «Тар заман» сериалынан үзінділер пайдаланылған. Алаш тарихының дерегінен хатбардар болуға келген жұрттың қа-

расы қалып. Залға сыймаған көрерменнің кейбірі фильмді тік тұрып көрді. Бұл Алаш идеясын қадірлейтін, маңызды терең түсінетін көрерменнің артып келе жатқанын аңғартса керек.

## Еске алу

Әттең, шолақ дүние-ай...  
(қырық күн үлкен жүрек тоқтағалы)

«Қ.Смайылов атындағы №43 жалпы білім беретін тірек мектебі (РО) жанындағы интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің физика пәнінің білікті ұстазы Балзия Шақенқызы Жылқыбаевадан айырылып қалғанымызға қырық күн болыпты.



Өмір адам ойлағандай бола бермейді ғой, күні кеше ортамызда жүрген әріптесіміз, білікті ұстаз, аяулы жан Балзия Шақенқызы ойламаған жерден келмес сапарға аттанғаны қабырғамызға қатты батты. Өйткені, ол тынымсыз еңбегімен, білікті ақыл-парасатымен ауылымызға ғана емес, аудан, облыстың түпкір-түпкіріндегі шәкірттері, әріптестері, замандастарының құрметіне бөленген жан еді.

Мектебімізде еңбек еткен жылдары қызметтестері арасында сыйлы, шәкірттеріне ұлағатты ұстаз бола білді.

Мамандығына адал бола білген осы бір жанның қалыптасқан біліктілік, адамгершілік қасиеттерін сөз еткенде, ұлы Абайдың мына бір жолдары еріксіз ойға оралады. «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Осы үш қасиеттің үшеуі де Балзия Шақенқызының бойынан табылатын еді.

Сырт көз сынып ғой. Дос-жолдастары, әріптестері, шәкірттері Балзия Шақенқызының жақсы қасиеттерін үлгі етеді.

Саналы ғұмырының көп уақытын шәкірт тәрбиелеуге, оқытуға арнаған, теңіздің тұңғығы теңдес біліммен суарылған мазмұнды дәрістерімен де, сырбаз да салмақты мінез-табиғатымен де, әрбір шәкірттің жүрегіне жол тауып, еңбегімен де ұстаздықтың үлгісін танытып кетті.

Амал не, жақсылардан бата алған, ақылымен жол тапқан, шәкірт құрметіне бөленген ұстазымыз бақиға аттанып кете барды... Иманы жолдас болғай. Пейіште нұры шалқығай.

Балзия Шақенқызының жарқын бейнесі әріптестері мен шәкірттерінің бойында мәңгі сақталады.

Еске алушылар: «Қ.Смайылов атындағы №43 жалпы білім беретін тірек мектебі (РО) жанындағы интернат» КММ

№877

● КЕНШІЛЕР МӘДЕНИЕТ САРАЙЫНА – 70 ЖЫЛ

# Арқаның ақбоз үйі

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Арқа төсінде Кеншілер мәдениет сарайының 70 жылдық мерейтойына арналған мерекелік концерт дүркіреп өтті. Шара шымылдығы атаулы мекеменің өткені мен бүгінгі баяндалған бейнероликпен ашылды. Дүниежүзінің түкпір-түкпірінен келген мәдениет ардагерлерінің ақ лебізі ондағы қауымның көңіл-күйін көтеріп, мерейін асырды. Сахнада мәдениет сарайының көркемөнерпаздар ұжымы, кеш қонақтары Қазақстанның халық әртісі Роза Рымбаева, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Маржан Арапбаева және Республикалық «Жұлдыз-2018» эстрадалық ән орындаушылар байқауының бас жүлде иегері Әділхан Макин көрерменді әуезді әнге бөледі.



Кеншілер мәдениет сарайы – Қарағанды қаласының символы. Ғимарат құрылысы 1940 жылы жергілікті сәулетшілер Джозеф Бреннер мен Яков Яноштың жобасы бойынша басталған. 1952 жылы нысан толығымен пайдалануға берілді. Ал, 1983 жылы мәдениет сарайы сәулет ескерткіші мәртебесіне ие болған.

«Мен жарты ғасырға жуық сахнада жүрмін. Осы жылдар ішінде 20 рет Кеншілер мәдениет сарайының сахнасында өнер көрсеткен екенмін. Қарағанды – сүйікті қалам. Мені арқашан осындай мейіріммен, сүйіспеншілікпен қабылдайды. Республикамыздың ең үздік сахналарының бірін мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!», – деді Роза Қуанышқызы.

«70 жыл ішінде Кеншілер мәдениет сарайы қала тұрғындары үшін сүйікті орынға айналды»,

– деп атап өтті облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов салтанатты шарада сөйлеген сөзінде. Мерейтой аясында, облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбегі үшін Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт министрінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен Кеншілер мәдениет сарайының басшысы Жаролла Ақышев, басшы орынбасары Саят Әбдіғали, Мәдени-сауық бөлімі қызметі басшысы Самал Истаева, «Жұлдыз» би ансамблінің жетекшісі Татьяна Савельева марапатталды.

Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасын Халық шығармашылық бөлімінің басшысы Еркенал Алтайбаева, сахналық жабдықтарды пайдалану бөлімінің басшысы Дәулет Дүйсембаев, вокалды-аспаптық

қазынасы. Атаулы кеште мәдени ошағымыздың қандай жұмыс атқарғанын көрсеткіміз келді. Қала тұрғындарына оның тарихы туралы айтып бергіміз келді. Еңбегіміздің «Мәдениет саласының үздігі» белгісімен бағаланғанына өте қуаныштымын. Мәдениет саласына тұтас ғұмырымды арнадым десем болады. Бұл – менің алғашқы жоғары марапатым. Менімен бірге тағы үш әріптесім марапатталды. Біздің ұжымда барлығы 116 адам жұмыс істейді, олардың 70 пайызы – жастар», – дейді Жаролла Пазылулы.

Қазір Кеншілер мәдениет сарайында 25 шығармашылық ұжым жұмыс істейді, олардың үшеуі – халықтық атағына ие. Арқаның жауһарындай ақбоз үйді мерейіне жұртшылық тағы бір маркайып қайтты.

Суретті түсірген **Еркебұлан ХАДЫЛБЕК**

● ЕҢБЕК АДАМЫ

# Майталмандар мерейі

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

**Адал еңбек адамды табысқа жеткізіп, бақытқа бөлейді. Шағын шаһарды еңбекпен көркейткен адамдар қаншама?! «Бұл – менің екінші үйім» деп өндіріс орнына ерекше құрметпен қарайтын Балқаш кен-байыту фабрикасындағы ұнтақтау цехының тынысымен таныстық. Бірлігі жарасқан өндіріс шеһарында көп жылдар бойы жұмыс істеп, өзгелерге үлгі болған мамандарды әңгімеге тарттық.**

Алдымен Балқаш кен-байыту фабрикасы ұнтақтау цехының басшысы Бактияр Нұржановқа жолықтық. Білікті басшының айтуынша, мұнда жауапкершілігі жоғары еңбек ұжымы өздерін жан-жақты танытып келеді.

– Балқаш кен-байыту фабрикасы ұнтақтау цехында 192 адам еңбек етеді. Жоспарды жүйелі түрде орындаймыз. Айына 530 мың тонна өнім береміз. Ал, тәулігіне 18 мың тоннаны игереміз. 3 ауысым жұмыс жасайды. Байыту фабрикасының ұжымы кәсіпорынның тұсауы кесілген кезден бастап, күні бүгінге дейін негізгі және көмекші жабдықтарды жаңғыртуға қажырлы еңбек етіп келеді. Жөндеу қызметі де жетілдірілу үстінде. Күрделі және жоспарлы алдын алу, жөндеу жұмыстарын жүргізудің жеделдетілген тәсілдері өндіріске енгізілген. Қазір жаңа құрылыс орнатып жатырмыз. Бұрынғы ұнтақтау машиналары сағатына 350 тоннаны игерген болса, кейінгі іске қосылғаны сағатына 25 жылдың жүзі болыпты. Өз білгенін өзгелерге үйретуден жалықпайды. Өз кәсібінің майын ішкен. Ғабит Тасболатов, Нұржанат Амантай, Ринат Дауылбаев бастаған шәкірттері мықты маманға айналған.

Цехтағы қажырлы еңбеккердің бірі – ұнтақтау цехының конвейер машинисі және басқару пультінің операторы Гүлбаршын Мұсатаева. Өндірістің бел қайыстырар бейнетіне мойымай еңбектің қазанында қайнап, жұмыс жасағанына 26 жыл болған. Әріптестері жұмысқа төзімді, ісіне адал жанның еңбегін айрықша бағалайды.

Осындай мақтаулылардың бірі – металл ұсатқыш Сейілхан Нұрлыбаев. 55 жастағы шебер өз ісіне қызығатын, жауапты жұмысшыларды топтастырып, еңбекке

баулыған екен. 1997 жылдан бері аталмыш цехта еңбек етіп, тер төгіп келеді. №3 ауысымның қазіргі бригадирі Ердос Сейсекей де Сейілхан ағаның төл шәкірті.

Мектеп бітірген жастардың көбі зауытта еңбек етуді армандайды. Арманы ақиқатқа айналған жас мамандардың бірі – Балқаш кен-байыту фабрикасы



Конвейер машинисі Гүлбаршын Мұсатаева мен Саягүл Алдажарова

жатыр. №3 ауысымда нағыз мықты мамандардан шоғырланған. Шаң мен тозаңның ортасындағы жұмыс болған соң оңайға соқпайды, – дейді ауысым шебері Қайырбек Райымбекұлы.

Жұмыс барысында білім мен тәжірибесін өндірістің өсіп-өркендеуіне жұмсаған Балқаш кен-байыту фабрикасы ұнтақтау цехының конвейер машинисі Саягүл Алдажарованы да әңгімеге тарттық. Өндірісте табан аудармай жұмыс жасап жатқанына 25 жылдың жүзі болыпты. Өз білгенін өзгелерге үйретуден жалықпайды. Өз кәсібінің майын ішкен. Ғабит Тасболатов, Нұржанат Амантай, Ринат Дауылбаев бастаған шәкірттері мықты маманға айналған.

Цехтағы қажырлы еңбеккердің бірі – ұнтақтау цехының конвейер машинисі және басқару пультінің операторы Гүлбаршын Мұсатаева. Өндірістің бел қайыстырар бейнетіне мойымай еңбектің қазанында қайнап, жұмыс жасағанына 26 жыл болған. Әріптестері жұмысқа төзімді, ісіне адал жанның еңбегін айрықша бағалайды.

Осындай мақтаулылардың бірі – металл ұсатқыш Сейілхан Нұрлыбаев. 55 жастағы шебер өз ісіне қызығатын, жауапты жұмысшыларды топтастырып, еңбекке

ұнтақтау цехының конвейер машинисі Нұржанат Амантай. Бұл жұмысқа орналасқанына екі жыл болса да көп дүниені үйреніп, меңгерген. Оны еңбек пен ізденіс жетістікке жетелеген. Жұмысты жастарға үйретуді парыз санайтын ұстазы Саягүл Алдажароваға дән риза. «Осы жұмыс – нәсібімді тауып отырған жерім. Сондықтан, жұмыстың қыр-сырын меңгеріп, жанымды сала еңбек етуді парыз деп санаймын», – дейді Нұржанат Амантай.

Балқаш кен-байыту фабрикасы ұнтақтау цехының №3 ауысым бригадирі Ердос Сейсекей еңбек өнімділігін арттырудың, пайдалы тұстары мен сапа көрсеткіштері жайлы баяндады. Ол 19 жасынан бастап осы салада шыныққан. Табанды, намысқой азамат еңбеккерлігінің арқасында әріптестерінің сеніміне ие болған.

Еңбек данқын асырып, жақсылыққа жол ашқан жандар – қашан да елдің мақтанышы. Оларға қарап, қарапайым жастар бой түзейді десек, өндірісінің қуатымен танылған Балқаш кен-байыту фабрикасы ұнтақтау цехының келешегі үлкендерінен үлгі алған өрендермен жалғаса берері анық.

**БАЛҚАШ**





# Қуан, Қарағанды: Алан балаң әлем чемпионы!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Дүниежүзілік доданың шешуші ойынында Құрманғалиев пен Гола одағы Тиго Абидан (Португалия) – Мария Берзоса (Испания) жұбын тізе бүктірді.

Он бес жасында жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілген Алан Құрманғалиевті ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жеделхат жолдап, арнайы құттықтады. «Қазақстанда үстел теннисінің жанкүйерлері өзінді мақтан тұтады. Осы жетістіктерімен шектелмей, беделді әлемдік турнирлерде ең жоғары жүлделерге не болу үшін спорттағы шеберлігін шыңдап, түсуіне тілектеспін. Бұл міндет сенің қолыңнан келеді! Талмай еңбек ет, күрес және жеңістерге жете бер!» деп жазылған Мемлекет басшысының жеделхатында.

Сонымен бірге, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев та өзінің фейсбук парақшасында жас чемпионды құттықтап, оның жаттықтырушысы Эльмира Әлиеваға алғыс сезімін жеткізді. «Алан мен үстел теннисінің

барлық жанкүйерлерін шын жүректен құттықтаймын. Біз сіздерді мақтан тұтамыз!» деген жазба қалдырды өңір басшысы.

Алан Құрманғалиев осы чемпионаттың жеке кейі сынында да тамаша нәтиже көрсетіп, қола жүлде иегері атанды. Ол жарыстың жартылай финалына дейін сүрінбей жетіп, онда жапон теннисшісі Казуки Йошиямеге ғана 1:4 есебімен есе жіберіп алды. Ал, Аланның алдын орап кеткен бұл спортшы финалда Франция өкілі Флавиен Котонға жол беріп, күміс медальді місе тұтты.

Осы орайда, «Алан осындай биікке қалай шықты?» деген заңды сұрақ туындайды. Иә, ол аспаннан аяғы салбырап түсе қалған жоқ. Дарынды теннисші жеткен тарихи жеңістің ту сыртында тұтас бір ұжымның маңдай тері, кешенді ұйымдастыру жұмыстары және устамды саясат тұр.

Мысалы, Қарағанды облыстық денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев былай дейді: «Спорт түрлерін дамыту үшін инфрақұрылым бірінші кезекте



Суретте: әлем чемпионы Алан Құрманғалиев пен оның жеке бапкері, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Эльмира Әлиева.

керек. Одан кейін маман керек. Содан кейін барып дарынды спортшы керек болады. Осы үшеуі болмаса, іс алға жылжымайды. Мәселен, Қарағандыда теннис орталығы салынбаса, шеттен мықты маман келмесе, Алан қанша жерден дарынды болса да, одан чемпион шықпаса еді».

Жаны бар сөз. Тақыр жерден дән өнбейді. Бағбаны болмаса, тамырының тереңге кетіп, бұтағының биікке ұмтылмасы анық қой.

Алан Құрманғалиев бала кезінен көзге түсіп, назарға ілініп жүрген дарынды жас. Сол себепті де болашағынан мол үміт күттірген мұндай

тума таланттар ерекше қамқорлықты, шынайы қолдауды, тіпті, жан-жақты қорғауды да қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде, Арқа спорттың басшысына, Ә.Молдағұлова атындағы спорттық мектеп-интернат-колледждің директоры Ерден Халилинге, облыстық теннис мектебінің жетекшісі Токтамыс Хасеновке және чемпионның жеке бапкері Эльмира Әлиеваға алдағы уақытта да табандылық танытып, көп тер төгулеріне тура келеді.

## ҚАРАҒАНДЫ



# Төрт мықты тартысады

Әлем чемпионаты қателікті кешірмейді. Келген мүмкіндікті пайдаланбасаң, қайта қайтып келуі ескітпейді. Дегенмен, футболшылардың жағдайын футболшылар қауымы жақсы түсінеді. Бұл жер күнделікті ойнап жүрген ойын алаңы емес. Оларға артылған жүк ауыр. Қысым да қатты. Ширек финалда Марокко мен Португалия арасындағы матчта күтпеген нәтиже тіркелді. Ал, Хорватия құрамасы осымен төрт кездесуді тең аяқтап, үшінші мәрте жартылай финалға жолдама алған команда болып тарихта қалды. Алда – жартылай финал.



шешіп кетті.

Сауд Арабиясы құрамасымен ойнаған кез аргентиналықтарға сабақ болса керек, қайта түлеп шыға келді. Екінші голдан кейін бұлар да босансып кеткен сынайлы. Соңғы 20 минутта өткізіп алған екі гол аргентиналықтардың сағын сындырмады. Керісінше, жігер берді. Пенальти сериясын 3:4 есебімен тәмамдап, келесі кезеге жолдама алды.

## Франция – Марокко

Ағылшындар мен француздардың ақтық кезеңде емес, ширек финалда кездескені жанкүйерлерге қиынға соқты. Екеуі де чемпион болуға лайық. Ширек финал демесеніз, екеуінің ойыны финалдық ойынмен пара-пар. Бұған дейін екеуі әлем чемпионаттарында бастары түйіспесе де, Еуро-2016 чемпионатында, халықаралық жолдастық кездесулерде ойнаған. Статистикаға сүйенсек, қос команда арасындағы кездесу француздардың пайдасына шешіліп келген.

Ағылшындар топтық кезеңде АҚШ құрамасымен тең ойнады демесеніз, басқа қарсыластарына кемі үш

голдан салған. Бұл жолы шабуылы сойқан француздарға қарсы тұра алмады.

Ал, Марокко құрамасынан ешкім мұндай нәтиже күтпеді. Топтық кезеңде 2018 жылғы әлем чемпионатының финалистері Хорватиямен тең ойнап, испаниялықтарды 1/8 финалда жолда қалдырды. Ойынның тағдырын бірінші таймның соңында салған Юссефер Эн-Неиридің голы шешіп кетті.

Португалиялықтар бар күшін салды. Барлық статистика жағынан басым болды. Тіпті, екінші айналымда қарсыластардың аяғына доп та берген жоқ, соққы да жасады, шабуылды да ұйымдастырды. Бірақ, Марокко құрамасының қорғанысын бұзып өте алмады. Есепті тең ұстап, ойынды созуға болушы еді. Алайда, соңғы минутқа дейін тырысқанымен, ештеңе шықпады.

Марокко құрамасы аулы қарсыластарын жеңіп, рухтанды. Енді, оларды оңайлықпен ешкім де тоқтата алмасы анық. Олардың жартылай финалдағы қарсыласы – Франция.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Хорватия – Аргентина

Қос команда 2014 жылғы әлем чемпионатында бір топта өнер көрсеткен. Сол жылы 3:1 есебімен бразилиялықтар қарсыласын қапы қалдырған. Бұл жолы да дәл сондай ойын өрнегін күтіп еді жанкүйерлер. Алғашқы таймда хорватиялықтар қорғаныста ойнады. Ал, бразилиялықтар алаңына жан жұтып алды. Әдетінше допка иелік етіп, қарсыластарын қыспаққа алды.

Қазір хорватиялықтардың шашасына шаң жұқпай тұр. Ал, осы команданы жеңетін бір құрама бар десек, бұл – Бразилия. Бразилиялықтар бұған дейін Оңтүстік Корея құрамасын тас-талқан етіп, үйіне қайтарған-тың. Дегенмен, Бразилия жанкүйерлеріне ұнамайтын басқа бір статистика бар еді. Олар 1998 жылдан бері бес мәрте плей-офф кезеңінде жеңіліп қалған. Бесеуінде де оларды еуропалық команда тоқтатқан. Сонында күдік – теріс шықты.

Қос команда негізгі уақытта тең ойнап, соңы қосымша уақытқа ұласты. Экстра-таймның алғашқы минутында Бразилия құрамасы сапынан шабуылшы Неймар өзі шабуыл ұйымдастырып, өзі гол салды. Алайда, олар төкмейлісіп қалды ма, қайдам. Босансып кетті. Ал, хорватиялықтар құлды осы сәтті күткендей. «Гол соқтырып алып, артынан өздері салағын» әдісіне басып, қарсылас қақпасын торуылдады. Тіпті, бас бапкер Златко Далич қорғаушыны шабуылшыға ауыстырып, тәуекелге бел буды. Ойынның бітуіне санаулы минут қалғанда шапқак жеделділер есепті теңестірді. Пенальти сериясында Хорватия бразилиялықтарды 4:2 есебімен жеңіп, еліне қайтарды.

Нидерланд пен Аргентина арасындағы ойын – тартысты өтті. 2014 жылғы әлем чемпионаты қайта қайталанғандай. Қос команда сол жылы жартылай финалда кездесіп, ойын пенальти сериясына дейін созылған. Нәтижесінде пенальтиден аргентиналықтар қарсыласын қапы қалдырып еді. Бұл жолы қос команда ширек финалда ойнап, аргентиналықтар сол жеңісін қайталады.

Содан бері сегіз жыл өтті. Сегіз жыл есе қайтарсам деген ой. Нидерландтықтар алғашқы таймда допка иелік еткенімен, қорғанысын бұзып өте алмады. Аргентиналықтар 35-ші және 73-ші минутта гол салып, есепті еселеп еді. Нидерландтықтар 83-ші минутта есеп алшақтығын қысқартып, қосымша уақытта таразы басын теңестірді. Жеңіліп жатқан жерінен есепті теңестірген нидерландтықтарда үміт пайда болды. Бірақ, ойынның тағдырын пенальти сериясы

## БОКС

# Шаршы алаңда атой салды

Алматыда өткен кәсіпқой бокс кешінде қазақстандық боксшылар үш бірдей титулды б жекпе-жек өткізді. Кештің басты айкасында Жанқош Тұраров (25-0, 18 КО) венесуэлалық Луис Энрике Ромеромен (11-5-1, 7 КО) жұдырықтасып, кездесуді мерзімінен бұрын аяқтады. Осылайша отандасымыз ИВО титулының су жана иегері атанды.



Жекпе-жек 10 раундқа есептелген. Алайда, отандасымыз соңына дейін созбай екі мәрте нокауд беріп, кездесуді 7 раундта аяқтады. Осы жеңістен кейін қазақстандық боксшы кәсіпқой бокстағы 26-жеңісіне қол жеткізді. Ал, Луис Энрике Ромеро кәсіпқой рингте үшінші рет жеңіліс тапты.

Одан бөлек, жеңіл салмақта шаршы алаңға шыққан Ангелина Лукас UBO нұсқасы бойынша әлем чемпионы атанды. Ол танзаниялық Лулу Каягені (8-8-4, 2 КО) жеңіп, чемпион атанды. Ал, орта салмақта өнер көрсеткен Елхан Табынбаев WBC Intercontinental белбеуіне таласта бразилиялық Матеус да Силвадан жеңіліп қалды.

Сонымен қатар, Арман Әшімов пен Еркебұлан Токтар кәсіпқой бокстағы алғашқы жекпе-жегі өткізді. Еркебұлан Токтар ирандық Амир Яранимен, Арман Әшім тәжірибелі Бухути Татишвилимен кездесіп, алғашқы жеңістеріне қол жеткізді.

## ХОККЕЙ

# Қарағандылықтар есе жібермеді

Қарағандылық «Сарыарқа» клубы сырт алаңда «Ақтөбе» клубын 1:3 есебімен жеңді. Күні бұрын жерлестер ақтөбеліктерге 4:2 есебімен есе жіберген. Бұл жолы қателікке бой алдырмай, жеңісті қолдан жұлып алды.



Кездесу – біз ойлағандай оңай болмады. Қос команда соңына дейін күресіп, осалдық танытпады. Бірақ, тәжірибелі шабуылшылардың арқасында қарағандылықтар бұл жолы есе жібермеді. 5-ші минутта қарағандылық шабуылшы Захар Пархоменко есеп ашты. Бұдан кейін есеп өзгермеді. Тек, 22-ші минутта Андрей Лагунов есепті еселеді. Осымен екінші кезең тәмамдалды.

Үшінші кезеңнің алғашқы минутында алаң иелері есеп алшақтығын қысқартты. Гол авторы – Денис Григорьевич. Бұдан кейін ақтөбеліктердің есепті теңестіретін мүмкіндіктері болған. Алайда, шабуыл сәтсіз аяқталып, нәтиже тіркелмеді. Араға бір минут салып қарағандылықтар есепті 1:3-ке жеткізді.

Осылайша қарсыластар қарымта ойында қанжығалары майланбай, ұпайдан құр қалды.

Дайындаған  
Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Біздің сайт: [www.ortalyq.kz](http://www.ortalyq.kz)

Таралымы 6 230

Электрондық пошта: [ortalyk.kz@gmail.com](mailto:ortalyk.kz@gmail.com) [ortalyk.kaz@mail.ru](mailto:ortalyk.kaz@mail.ru)

Жарнама бөлімі: [ortalyk.reklama@mail.ru](mailto:ortalyk.reklama@mail.ru)

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ:  
«Сауатқа адрат» жауапкершілік шектелі серіктестігі  
Директор **Қ.Ж. ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
«Индустиальная Караганда» газетінің бас редакторы  
**О.В. МЯГКИХ**  
Директордың орынбасары  
**Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**  
Бас редактор  
**Е.К. МҰСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары  
**Н.С. ДҮТБАЙ**  
Интернет-редакция редакторы  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы  
**Қ.Б. ҒАЛЫМ**

**Телефондар:**  
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Экономика бөлімі: 43-31-77  
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88  
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72  
Әлеумет бөлімі: 43-49-72  
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92  
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;  
Компьютер орталығы: 43-58-08.  
**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19  
Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

- Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген.
- Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

№139 тапсырсы. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС  
баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік  
орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор  
**Ерқанат КЕҒЕСБЕКҰЛЫ**



Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда  
№ KZ18VPY00030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.